

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ  
«Мирас» университеті

МИНИСТЕРСТВО  
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
Университет «Мирас»

## Академиялық адалдық ЕРЕЖЕЛЕРІ

### ПРАВИЛА академической честности



Университет ОӘК отырысында талқыланды  
Обсуждено на заседании УМС университета  
Протокол № 10, 26 мая 2017г.

Университет ФК отырысында бекітілді  
Утверждено на заседании УС университета  
Протокол № 10, «31» мая 2017 г.

Шымкент, 2017 г.

«Мирас» университетінің Оқу-әдістемелік басқармасымен ЖАСАЛҒАН  
ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.

2017 жылдың «31» мамыры № 1 хаттамасы «Мирас» университеті  
Ғылыми кеңесінің шешімімен 2017 жылдың 1 қыркүйегінен бастап  
ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН.

Академиялық адалдық ережелер «Мирас» университетінің білім беру  
процесінің барлық қатысушыларының тарапынан академиялық  
адалдықты қамтамасыз ету және академиялық адалдықтың қағидаларын  
бұзу болып табылатын іс-әрекеттерді алдын алу үшін реттемені орнату  
мақсатымен әзірленген.

Аталған ережелер «Мирас» университетінің жеке меншігі болып  
табылады және Оқу орнының оқыту қызметінде ішкі қолдану үшін  
арналған.

## МАЗМҰНЫ

Нормативтік сілтемелер.....	4
1 Жалпы жағдайлар.....	5
2 Академиялық адалдық қағидағтары.....	7
3 Академиялық адалдықты бұзу түрлері .....	9
4 Процедуралар.....	11
4.1 Өзіндік жұмыс тапсырмаларының шеңберінде жасалған жазбаша жұмыстарды тапсыру мен қабылдау .....	11
4.2 Курстық жұмыстарды (жобаларды) тапсыру мен қабылдау .....	11
4.3 Кәсіби тәжірибелер бойынша есептерді тапсыру мен қабылдау.....	12
4.4 Бітіру квалификациялық жұмыстарын (жобаларды) плагиатқа тексеру .....	13
4.4.1 Жалпы жағдайлар.....	13
4.4.2 Бітіру квалификациялық жұмыстарын (жобаларды) плагиатқа тексеруді жүргізудің тәртібі .....	14
4.5 Аралық аттестация кезеңінде емтихандарды өткізу тәртібі .....	15
4.5.1 Жазбаша, ауызша, шығармашылық, арнайы немесе құрамдас емтихандарды өткізу кезінде әрекет ететін тәртіп ережелері .....	15
4.5.2 Тестілеу орталығындағы емтихан кезіндегі тәртіп ережелері .....	17
Қосымшалар	

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Аталған ережелер келесі нормативтік құжаттар негізінде жасалған:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 27 шілде 2007 ж., № 319-ІІІҚРЗ (05.05.2017 ж. бойынша өзгерістерімен толықтыруларымен);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, 17 мамыр 2013 жыл № 499. Жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім мекемелерінің қызметінің типтік ережелері (07.04.2017 ж. бойынша өзгерістерімен толықтыруларымен);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, 23.08.2012 жыл № 1080. Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім стандарты (13.05.2016 ж. өзгерістерімен);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы, 23.08.2012 жыл № 1080. Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары оқу орнынан кейінгі білім стандарты (13.05.2016 ж. өзгерістерімен);
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің, 20 сәуір 2011 жыл № 152 бұйрығы. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері (28.01.2016 ж. өзгерістерімен және толықтыруларымен).
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің, 18 наурыз 2008 жыл № 125 бұйрығы. Білім алушылардың оқу-үлгерімінің ағымдағы бақылауын, аралық және қорытынды аттестациясын өткізудің типтік ережелерін бекіту туралы (21.04.2017 ж. өзгерістерімен және толықтыруларымен);
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің, 29 қаңтар 2016 жыл № 107 бұйрығы. Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру және өткізу ережелерін бекіту туралы;
- Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің, 20 сәуір 2011 жыл № 152 бұйрығы. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері (28.01.2016 ж. өзгерістерімен және толықтыруларымен).

## 1 Жалпы жағдайлар

«Мирас» Университеті академиялық адалдықты білім алушылардың зияткерлік дамуының ажырамас бөлігі деп есептейді. Академиялық алдау жағдайлары университеттің беделіне елеулі нұқсан келтіруі мүмкін. Сол себепті барлық білім алушылар, оқытушылар мен қызметкерлер өздерінің білім беру және кәсіби қызметінде адалдық пен әдептілікті ұстануға міндетті. Академиялық алдауға алып келетін жүріс-тұрысқа қатаң түрде тыйым салынады.

Университеттің төзімсіздік саясаты академиялық алдаудың барлық түрлеріне қатысты қолданылады. Төзімсіздік саясаты үй жұмысының дайындалуына, жазбаша жұмыстардың жазылуына, тапсырмалардың, баяндамалардың, презентациялардың, тәжірибе туралы есептердің әзірленуіне, емтихандардың барлық түрлерінің тапсырылуына, дипломдық жұмыстардың (жобалардың) және магистрлік диссертациялардың (жобалардың) жазылуына, сонымен қатар сабақ кезіндегі бағалауға қатысты қолданылады. Төзімсіздік саясаты білім алушыларға да, оқытушыларға да қатысты. Оқытушылардың білім алушылар үшін академиялық адалдықтың үлгісі болады деп күтілуде.

Академиялық адалдық қағидалары (әрі қарай– Қағидалар) «Мирас» Университетінің сапа саласындағы Саясатына негізделеді, ол өзінің мақсаты ретінде түлектердің кәсіби құзыреттері мен орналып жатқан өзгерістерге шапшаң бейімделуін дамыту арқылы, олардың талап етілуінің жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізуді анықтайды.

Академиялық адалдық қағидалары (әрі қарай– Қағидалар) университеттің басты стратегиялық мақсатымен, сондай-ақ сондай-ақ университеттің «Сапалы өмір үшін қолжетімді білім» миссиясымен тікелей байланысты, ол еліміздің Оңтүстік аймағының зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға үлес қосуды көздейді.

*Академиялық адалдық* – жазбаша жұмыстарды (бақылау, курстық жұмыстар, эссе, дипломдық, диссертациялық жұмыстар) орындау, емтихандарда, зерттеулерде жауап беру, академиялық қызметкерлермен, оқытушылармен және басқа да білім алушылармен қарым-қатынасы кезінде өз пікірін білдіру және бағалау кезінде білім алушының адалдығын анықтайтын құндылықтар мен қағидаттардың жиынтығы.

Басқа білім алушылармен орындалған тапсырмалардың нәтижелерін алуға, түрлі дереккөздерден материалдарды тікелей көшірмелеуге, оқу нәтижелерін біржақты әділетсіз бағалауға жол берілмейді.

Оқытушылар мен білім алушылардың академиялық адалдығын жүзеге асыру үшін :

- студенттің Ар-намыс кодексі әзірленген;
- арыздар мен ұсыныстарды қабылдау жүйесі жетілдірілген (сайт арқылы, сауалнама жүргізу процедурасы, ұсыныстарды жинақтау жәшігі);
- білімді бағалау жүйесінің мөлдірлігі пайдаланылады;

– білім алушылар студенттік өзін-өзі басқару арқылы күрделі немесе қызықтырушы мәселелердің талқылануына бастамашылық танытып, өз ұсыныстарын білдіре алады.

Академиялық адалдық қағидалары білім беру процессінің барлық қатысушыларында өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегіне ұқыпты және мұқият қарауына, оқу қызметінің нәтижелерін оны жасаушының зияткерлік меншігі деп тануына және зияткерлік меншікке сәйкес қарым-қатынастың қалыптасуына әсер ету үшін әзірленген

Қағидалар білім беру процессінің барлық қатысушылары үшін бірыңғай болып табылады.

## 2 Академиялық адалдық қағидаттары

Білім алушылардың жеке адалдығы мен өз оқуы үшін жауапкершілігін жетілдіретін білім алу процессіндегі академиялық адалдығының негізгі қағидаттары төмендегідей:

1) Адал ниеттілік – білім алушылардың жұмыстардың барлық түрлерін адал, әдепті түрде орындауы;

2) Автор мен оның құқықтық мұрагерлерінің құқықтарын қорғауды жүзеге асыру – бөгде адамның сөзін, ойларын дұрыс жеткізу және баға қойылатын жұмыстарға ақпарат көздерін көрсету арқылы авторлық құқық нысаны болып табылатын шығармаларды қорғау және авторлықты мойындау;

3) Ашықтық – білім алушылар мен оқытушылардың арасындағы мөлдірлік, өзара сенім, ақпаратпен және идеялармен ашық алмасу;

4) Студенттердің құқықтары мен еркіндігін сыйлау – білім алушылардың өз ойлары мен пікірлерін еркін және ашық білдіру құқығы;

5) Тенділік – әр білім алушының академиялық адалдық қағидаларын сақтау міндеті және оларды бұзғандығы үшін бірдей жауапкершілік.

Білім алушылар студенттік адалдыққа, әсіресе зияткерлік меншік пен түпнұсқалыққа жататын қағидалардың мәні мен маңыздылығын түсінуге міндетті:

- зияткерлік құқықтардың көптеген түрі бар, мәселен патенттік құқық, авторлық құқық, тауарлық белгіге деген құқық. Барлық жұмыстар, оның ішінде музыкалық, әдебиет шығармалары, өнер туындылары заңмен қорғалған;

- «серіктестік» пен «сөз байласу» сөздерінің арасында үлкен айырмашылық бар. «Серіктестік» деген «бірлескен жұмысты» білдіреді, бірақ бір адамның жұмысын көшірмелеп, оны өз жұмысы ретінде ұсынуды меңземейді;

- түпнұсқалы жұмыс білім алушының жеке және ерекше идеяларына негізделіп, оның тілімен жазылуы тиіс;

- басқа тұлғалардың жұмыстары мен идеяларын пайдалануға рұқсат етіледі, бірақ алғашқы (түпнұсқалы) дерек көзінің әрдайым танылуы қажет. Басқа адамның жұмысын өз жұмысы ретінде ұсынуға жол берілмейді.

- басқа адамдардың ой-пікірін жеткізу үшін төл сөзді пайдалану кезінде, оны белгілеудің жалпымен қабылданған ережелерін пайдалану қажет. Сонымен қатар, дәйексөз көзі тек ақпарат көзінде ғана емес, нақты дәйексөзде көрсетілуі тиіс.

Университет білім алушылар мен қызметкерлердің университеттік қоғамдастықтың мүшелері ретіндегі құқықтары мен міндеттері туралы хабардар болуын қамтамасыз етуге қол жеткізуі қажет.

Оқытушылық құрам мен әкімшілік осы Қағидаларға қарама-қайшы келмейтін жағдайларды қамтамасыз еткендері үшін жауапты болады, және білім алушыларға сәйкес дәрежені меңгеру үшін көмек көрсетулері қажет.

Кураторлар мен эдвайзерлер білім алушыларға осы Қағидалардың шеңберіндегі құқықтары мен міндеттері туралы кеңес беруге, орнатылған тәртіптің сақталуын қадағалауға міндетті.

Білім алушылар өз жұмыстарын бағалау кезінде әділдік пен тең құқықтыққа сенуге тиісті.

Білім алушылар өз жұмыстарын орындау кезінде ғылыми әдептілік қағидаттарын сақтауға міндетті.

*Дәйексөз алудың негізгі қағидаттары.*

«Мирас» университетіндегі білім алу процессіне қатысушылар дәйексөз алу ережелерін сақтау келесі үшін қажетті екендігін мойындайды:

- басқа тұлғалардың жұмысына құрмет білдіру;
- оқырманға осы жұмысқа әсер еткен өз ойларын бөгде адамның ойларынан ажыратуға көмектесу;
- оқырманға бұл немесе басқа дереккөздерге сүйену қаншалықты ақталғандығын тексеру мүмкіндігін ұсыну;
- оқырманға пайдаланған дереккөздерге қайта сүйену мүмкіндігін ұсыну;
- өткізілген зерттеудің академиялық тұрғыдан сауатты және құрметке лайық екендігін көрсету;
- автордың сенімді дереккөздерін пайдаланып, оларды критикалық тұрғыдан бағалай алатындығын көрсету;
- шынайы және беделді білімдер мен идеяларға сүйену;
- өздігінен қорытынды шығара алатындығын білдіру.

*Академиялық адалдықтың артықшылықтары:*

- уақытты тиімді басқаруға, басымдылықтарды дұрыс қоюға, ұйымшылдық пен тиімділікке үйретеді;
- көшіріп жазу кезінде меңгерілмейтін берік білімдер мен дағдыларды қамтамасыз етеді;
- бүкіл өмірге әдептілік нормаларын орнатуға жәрдемдеседі;
- білімдердің теңдей, әділ бағалануын жүзеге асыруға әсер етеді;
- жетістіктер сезімін сыйлайды.

Академиялық адалдықтың сақталуын бақылау білім беру процессінің барлық қатысушылары үшін міндетті болады.

Білім беру қызметінің сапасы мен академиялық адалдықтың сақталуын мониторингілеудегі маңызды орынды ішкі аудит алады.

Аудит қызметі бақылаушы қызмет болып табылады, ол Сауалнама алу мен арыздар мен шағымдар түріндегі кері байланыс арқылы барлық білім беру процесстерінің орындалуы мен білім беру деңгейін бағалау бойынша тұрақты түрде сауалнама жүргізуді жүзеге асырады. Аудит шеңберінде сонымен қатар Тіркеуші кеңсесі қызметкерлерінің бақылаушылар ретінде курстық және дипломдық жұмыстарды қорғауға қатысуы жүзеге асырылады, тест түріндегі емтихандарға тестілеу орталығының қызметкерлері қатысады.



### 3 Академиялық адалдықты бұзу түрлері

Бұл бөлімде Академиялық адалдық қағидаларының нормалары мен қағидаттарының негізгі бұзушылықтары қарастырылады.

#### *Плагиат:*

- бөтен адамның жұмысын немесе жұмысының үзінділерін авторды көрсетпей, өзінің атын жамылып әдейі пайдалану, оның ішінде алыс-берісті рәсімдемей, дереккөздермен жұмыс істеу кезінде “copy-paste” тәсілін пайдалану арқылы ауыстыру;

- авторды көрсетпей, біреудің идеяларын өзіне тиісті етіп әдейі көрсету;

- қабылданған ережелерге сәйкес мәтін арасында сілтемедердің, библиографияның, дәйексөздерді көрсетудің түріндегі дереккөздерге (мәтін, иллюстрация, фотосурет) сілтемелердің болмауы.

#### *Көшіріп жазу (емтиханда, Quiz-де, бақылау жұмысында):*

- емтиханда/бақылау жұмысында пайдалануға тыйым салынған материалдар мен заттарды (шпаргалкалар мен басқа да жазбалар, баспа көздері; телефондар, планшеттер, компьютерлер мен басқа да электронды құрылғылар) пайдалану және/немесе оларға қандай да бір қолжетімділікті қамтамасыз ету;

- басқа жұмыстан көшіру;

- ауызша сыбыр сөздерді пайдалану.

#### *Сөз байласу:*

- берілген жұмысты көшіріп жазу және жұмысты өз бетінше жасалған ретінде тапсыру, сонымен қатар жұмысты көшіруге рұқсат беру;

- оқытушының рұқсатынсыз қандай да бір тәсілмен емтиханның/бақылау жұмысының нақты тапсырмалары туралы ақпаратты ұсыну;

- ұжымдық алдаудың түрлі нысандары, кімді болса да сөз байласу арқылы ұжымдық түрде алдау.

#### *Бұрмалау:*

- мәліметтерді ойдан шығару және бұрмалау (шын мәнінде орындалмаған тәжірибенің, сауалнаманың, орындалған жұмыс туралы есептің, ақпарат көздерінің тізімдерін);

- жалған құжат жасаудың түрлі нысандары.

#### *Мазмұнын бұрмалау:*

Білім алушылар жалған тапсырмаларды, зерттеулерді, сертификаттарды және басқа да құжаттарды ұсынбауы немесе академиялық мақсаттарды фактілерді исказать етпеуі тиіс.

Бұрмалауларқамтиды (бірақ олармен ғана шектелмейді):

- өзгертілген материалдар мен зерттеу нәтижелері;

- ойдан шығарылған фактілернемесе дерек көздері;

- жалған медициналықанықтамалар;

- оқуға түсу үшін жалған құжаттар;

- жалғанұсыну және басқа да хаттар;

- жалғантранскриптілер, дипломдарнемесе басқа тіркеу мәліметтері;

- тапсырманы тапсырудың күні мен уақытын өзгерту;

- бағалау мәліметтерін немесе емтихандық материалдарды өзгерту;
- қайталама тапсыру үшін бағаланған жұмысты өзгерту.

*Өзін басқа тұлға ретінде ұсыну:*

Академиялық адалдықтың қағидаларын бұзушылық болып емтихандарды, тестілерді тапсыру, зертханалық немесе тәжірибелік жұмыстарды, басқа тапсырмаларды орындау кезінде академиялық пайданы алу мақсатында өзін басқа адам ретінде танытып, ұсыну.

*Түрлі кедергілерді жасау:*

Академиялық адалдықтың қағидаларын бұзушылық болып әділетсіз академиялық пайданы алу мақсатында басқа адамдардың оқу немесе ғылыми қызметіне кедергі жасау болып табылады. Ол келесіні қамтиды (бірақ онымен ғана шектелмейді) мәліметтерді, файлдарды, қолжазбаларды немесе басқа материалдарды (мысалы, суреттерді, мүсіндерді, бағалы қағаздарды), жалған ғылыми жұмыстарды жасау, аспаптарды немесе кітапхананың мүлкін, академиялық мақсаттарда пайдаланылатын электронды немесе басқа материалдарды бүлдіру.

*Рұқсат етілмеген қолжетімділік:*

Осы Қағидаларды бұзушылық болып академиялық пайданы алу мақсатында, емтихандық материалдар, тестілеу сұрақтары және басқа материалдар секілді құпия ақпаратқа рұқсат етілмеген қолжетімділік болып табылады.

*Мәліметтерді рұқсатсыз тарату:*

Осы Қағидаларды бұзушылық болып алдын ала келісімсіз құпия ақпаратты жариялау, тарату немесе үшінші тұлғаларға жария ету болып табылады. Құпия ақпарат – ортақ қолжетімділігінің болмауы шартында жинақталған және сақталатын академиялық ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды қамтиды.

*Академиялық адалдық ережелерін бұза отырып көмек көрсету:*

Академиялық адалдық ережелерін бұза отырып әдекімге болса да көмек көрсетудің өзі академиялық адалдықтың қағидаттарын бұзушылық болып табылады. Мысалы, басқа сабақта өткізілгентапсырманы, басқа білім алушыға беріп жіберу және тапсырмалардың бір бөлігін көшіруге және оны жеке өзінің тапсырмасы ретінде тапсыруға рұқсат беру, осы Қағидаларды бұзу болып табылады.

*Арсыздықты танытудың басқа да түрлері:*

- жеке өзіндік орындалу үшін берілген тапсырманың жеке жұмысын ұжымдық жұмыспен алмастыру;

- жұмыстың топтық нысаны / топтық тапсырмалар жағдайында жұмыс пен нәтижесі үшін жауапкершіліктен әдейі қашқақтау;

қандай да бір артықшылықтарды алу мақсатында келісімдерді, жұмысты орындау мерзімдерін сақтамау.

Осылайша, академиялық тұрғыдан лайықсыз жүріс-тұрыс білім алушыға әділетсіз артықшылықты қамтамасыз ететін немесе басқа білім алушының нәтижелеріне әсер ететін кез келген жүріс-тұрысты қамтиды.

## **4 Процедуралар**

Университетпен даярлықтың сапасын арттыру және білім алушылармен жазбаша жұмыстардың барлық түрлерін (СӨЖ үшін тапсырмалар, курстық жұмыстар, бітіру біліктілік жұмыстары) жазу кезіндегі плагиатты алдын алу үшін түрлі шаралар қолданылады. Осы мақсатпен «Etxt Антиплагиат» бағдарламалық қамсыздығы пайдаланылады, ол мәтіннің бірегейлігін тексеруге арналған бағдарлама болып табылады. Плагиатқа тексеру Яндекс, Google, Mail, Poisk, Genon, Nigma, Qip, Bing іздестіру жүйелерінің көмегімен жүзеге асырылады. Әмбебаптылығы мен пайдаланудың ыңғайлығы оны кеңінен танымал етеді.

### **4.1 Өзіндік жұмыс тапсырмаларының шеңберінде жасалған жазбаша жұмыстарды тапсыру мен қабылдау**

Білім алушылардың өзіндік жұмыс ретінде орындалған жазбаша жұмыстары үшін (рефераттар, эссе, баяндамалар, шолулар және т.б.), жетекші жұмысты қорғау үшін жіберетін мәтін бірегейлігінің шекті мағынасы кем дегенде 70% құрауы қажет. Егер ұсынылған жұмыс аталған талапқа сәйкес келмейтін болса, оқытушы жұмысты плагиатты жою үшін қайтарады. Қайталама бұзушылық жағдайында оқытушы бұл жұмысты қабылдамауға және ол үшін «қанағаттанарлықсыз»/F бағасын қоюға құқылы. Білім алушы, өз кезегінде, оқытушыға жұмыспен бірге «Etxt Антиплагиат» бағдарламасының көмегімен өздігінен қалыптастырылған тексеру нәтижелері туралы есепті ұсынуға құқылы.

Зертханалық жұмыстарды, тәжірибелік жұмыстарды, бақылау және өзіндік жұмыстарын көшіру фактісін анықтаған жағдайда, оқытушы өз мәтінін көшіру үшін әдейі ұсынған және мәтінді көшірген білім алушыларға «қанағаттанарлықсыз»/F бағасын қоюға құқылы. Мәліметтерді ауыстыру немесе бұрмалау фактісі анықталған жағдайда, тәртіптік жаза шаралары мәліметтерді ауыстыру немесе бұрмалаудың барлық қатысушыларына, білім алушыларға қатысты қолданылады.

Оқытушы Академиялық адалдық қағидаларын бұзу кезінде көзге түскен барлық білім алушылардың жұмыстарын жояды, және олардың әрқайсысы бағалаудың барлық критерийлері бойынша «қанағаттанарлықсыз»/F бағасын алады.

### **4.2 Курстық жұмыстарды (жобаларды) тапсыру мен қабылдау**

Бакалавриатта білім алушылар үшін курстық жұмыстың (жобаның) болуы және оны қорғау кезіндегі қанағаттанарлық бағаның болуы, аталған пән бойынша емтиханды тапсырудың рұқсаттамасы болып табылады. Магистранттардың курстық жұмысы (жобасы) нақты пәнге байланбаған және

ол үшін бағалаудың баллдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша өзіндік баға қойылады. Курстық жұмысты (жобаны) қабылдау үшін кафедра меңгерушісінің өкімімен кафедраның ПОҚ арасынан кем дегенде 2 адамнан тұратын комиссиялар бекітіледі.

Курстық жұмысты (жобаны) қорғауға рұқсат беру үшін, оның бірегейлігінің шекті мағынасы 70% кем болмауы тиіс. Бұл талапты орындамаған жағдайда оқытушы жұмысты плагиатты жою үшін қайтарады. Білім алушы оқытушыға түзетілген курстық жұмысты (жобаны) «Еtxt Антиплагиат» бағдарламасының көмегімен өздігінен қалыптастырылған тексеру нәтижелері туралы есеппен бірге қорғауға дейін 2 апта мерзінен кешіктірмей ұсынуға тиіс. Қайталама бұзушылық орнаған жағдайда оқытушы бұл жұмысты қорғалу үшін жібермеуге құқылы. Өз кезегінде, білім алушы жұмысты кафедра меңгерушісінің өкімімен жасалған апелляциялық комиссиясымен плагиатқа тексерту үшін кафедра меңгерушісінің атына апелляция беруге құқылы. Апелляциялық комиссияның теріс қорытындысының жағдайында, білім алушы қорғалу мен емтиханға жіберілмейді, аталған пән бойынша аттестацияланбаған болып есептелінеді және ақылы негіздегі қайталама жазылуға жіберіледі.

Курстық жұмысты (жобаны) бағалау ережелері Курстық жұмыс (жоба) туралы қағидада және «Мирас» университетіндегі білім алушылардың білімдерін бақылау мен бағалау туралы қағидада егжей-тегжейлі сипатталған.

#### **4.3 Кәсіби тәжірибелер бойынша есептерді тапсыру мен қабылдау**

Кәсіби іс-тәжірибе білім алушының теориялық даярлығын нығайту мен тереңдетуге және кәсіби қызмет саласында тәжірибелік дағдылар мен құзыреттерді, сонымен қатар өзіндік кәсіби қызмет тәжірибесін жинақтауға бағытталған. Тәжірибенің бағасы емтихандық тізімдемеге және сынақ кітапшасына қойылады және студенттердің жалпы үлгерімінің қорытындыларын жасау кезінде ескеріледі.

Тәжірибе аяқталғаннан соң 1 апта ішінде, кестеге сәйкес тәжірибе бойынша есептердің қорғалуы жүргізіледі. Қорғауға рұқсат алу үшін білім алушылар сәйкес кафедра жетекшілеріне есептерін тексеру үшін ұсынады. Тәжірибе жөніндегі есепті қорғауға рұқсат беру үшін, оның бірегейлігінің шекті мағынасы 70% кем болмауы тиіс. Бұл талапты орындамаған жағдайда оқытушы жұмысты плагиатты жою үшін қайтарады. Білім алушы оқытушыға түзетілген тәжірибе жөніндегі есепті «Еtxt Антиплагиат» бағдарламасының көмегімен өздігінен қалыптастырылған тексеру нәтижелері туралы есеппен бірге қорғауға дейін бір күннен кешіктірмей ұсынуға тиіс. Қайталама бұзушылық орнаған жағдайда оқытушы бұл есепті қорғалу үшін жібермеуге құқылы. Өз кезегінде, білім алушы жұмысты кафедра меңгерушісінің өкімімен жасалған апелляциялық комиссиясымен плагиатқа тексерту үшін кафедра меңгерушісінің атына апелляция беруге құқылы. Апелляциялық комиссияның теріс

қорытындысының жағдайынды, білім алушы қорғалуға жіберілмейді, бұл өз кезегінде академиялық берешектің пайда болуына және тәжірибеге қайтадан жолдануына алып келеді. Бұл ретте сәйкес модульдік білім беру бағдарламасымен көзделген тәжірибенің ұзақтығы сақталады. Тәжірибе бойынша академиялық берешектің жойылуы арнайы әзірленген кесте бойынша ақылы негізде жүзеге асырылады.

Есептер кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған арнайы комиссияның адында қорғалады (кем дегенде екі адам). Есепті қорғау нәтижелері бағалардың орнатылған баллдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша сараланған сынақ арқылы бағаланып, ауыстыру баллын шығару кезінде ескеріледі, жұмыстардың бұл түрі үшін кредиттердің сәйкес көлемінің бөліну шартында.

Кәсіби іс-тәжірибелер бойынша есептерді бағалау ережелері «Мирас» университетіндегі білім алушылардың білімдерін бақылау мен бағалау туралы қағидада егжей-тегжейлі сипатталған.

#### **4.4 Бітіру квалификациялық жұмыстарын (жобаларды) плагиатқа тексеру**

##### **4.4.1 Жалпы жағдайлар**

Бітіру квалификациялық жұмыстарын (жобаларды) (әрі қарай – БКЖ) тексеру оқу процессін ұйымдастыру мен тиімділігінің сапасын арттыру мақсатында, білім алушылардың өз бетінше дипломдық жұмыстарды (жобаларды), магистрлік диссертациялық жұмыстарды (жобаларды) орындау, сонымен қатар олардың өзіндік тәртібінің деңгейін арттыру мақсатында енгізіледі.

Плагиатқа тексеруді жүргізудің талаптары білім алушының жауаптылық деңгейін және дипломдық жұмыстарды (жобаларды), магистрлік диссертациялық жұмыстарды (жобаларды) өз бетінше орындамағандығы үшін оған қатысты санкциялардың қолдануын анықтайды, сонымен қатар сәйкес бұзушылықтарды анықтау кезіндегі «Мирас» университетінің оқытушылары мен әкімшілігінің әрекеттерін реттейді.

Барлық бітіру квалификациялық жұмыстары (жобалар) білім алушылармен өз бетінше жұмыс жетекшісінің бақылауымен орындалуға тиісті.

Бітіру квалификациялық жұмысын (жобаны) жазу - нәтижесі ретінде мемлекеттік аттестациялау комиссиясының отырысында оны көпшілік алдында қорғау болып табылатын процессті танытады.

Ғылыми жетекшісінің қол астындағы білім алушы, жұмыстың дер кезінде орындалуы және бекітілген мерзімдерде сарапшы комиссиясына плагиат үшін тексеруге ұсынуы үшін жауапты болады.

Ғылыми жетекшілерге әдістемелік көмекті және жұмыстарды плагиатқа тексеру мерзімдерінің сақталуы үшін бақылауды шығарушы кафедра жүзеге асырады.

МАК-ның жұмысына дейін 30 күннен кешіктірілмей кафедра меңгерушісінің өкімімен кафедраның тәжірибелі ПОҚ-ның арасынан комиссия құралады (комиссияға сонымен қатар МАК мүшелері де енгізілуі мүмкін), аталған комиссия бітіру квалификациялық жұмыстарын (жобаларды) плагиаттың бар-жоғына тексереді. Комиссиямен плагиатқа тексеруді жүргізу кезінде келесі критерийлер назарға алынады: мәтінде пайдаланылатын дереккөздерге сілтемелердің болуы, пайдаланылған әдебиеттің көлемі, орындалған жұмыс мазмұнының берілген тақырыпқа сәйкес келуі, қабылданған ережелерге сәйкес дәйексөздердің көрсетілуі, орындалған жұмыстың бірегейлігінің деңгейі (%-бен).

#### **4.4.2 Бітіру квалификациялық жұмыстарын (жобаларды) плагиатқа тексеруді жүргізу тәртібі**

Алдын-ала өз бетінше тексерген жұмысты білім алушы электронды тасымалдағышта ғылыми жетекшісіне тексеру үшін береді. Ғылыми жетекшісі мақұлдағаннан соң, жұмыс тексеру үшін комиссияға тапсырылады.

Бітіру квалификациялық жұмысын (жобаны) плагиатқа бірінші реттік тексеру тегін жүргізіледі және комиссиямен МАК жұмысының басталуына дейін 15 күн бұрын тексерілуі тиіс.

Дипломдық жұмыс (жоба) алдын-ала қорғалу мен қорғауға кірме мәтінінің көлемі 30%-дан аспайтын болса, дәйексөздерді пайдалану жағдайында олардың дереккөздеріне сілтемелер көрсетілетін болса жіберіледі.

Диссертациялық жұмыс алдын-ала қорғалу мен қорғауға кірме мәтінінің көлемі 25%-дан аспайтын болса, дәйексөздерді пайдалану жағдайында олардың дереккөздеріне сілтемелер көрсетілетін болса жіберіледі.

Бітіру квалификациялық жұмысы (жоба) плагиатқа тексеруден өтетін болса, білім алушыға сәйкес растаушы құжат беріледі.

Орындалған жұмыстың дербестігінің төмен деңгейінің жағдайында, ол міндетті түрде білім алушылармен қайта өңделіп, жұмыстың бұрын бекітілген тақырыбының сақталуымен, плагиатқа тексеру үшін қайта ұсынылуы қажет. БКЖ-тың екінші және кейінгі плагиатқа тексерулері университетпен бекітілген қосымша қызметтердің баға көрсеткіштеріне сәйкес ақылы болып табылады. Мүмкіндіктердің саны шектеусіз, бірақ әр келесі мүмкіндіктің бағасы аталған баға көрсеткішіне сәйкес артып отырады. Бұл ретте білім алушыға өзімен орындалған бітіруші квалификациялық жұмыстың (жобаның) дербестігіне қатысты өз көзқарасын білдіру мүмкіндігі беріледі. Бұл жағдайда білім алушы жұмысты кафедра меңгерушісінің өкімімен жасалған апелляциялық комиссиясымен плагиатқа тексерту үшін кафедра меңгерушісінің атына апелляция беруге құқылы. Апелляциялық комиссияның теріс қорытындысының жағдайында, бітіруші квалификациялық жұмысы (жобасы) білім алушыға түзету үшін қайтарылады.

Жұмыстың ақырғы түзетілген нұсқасы комиссияның қаралуына МАК

жұмысының басталуына дейін кем дегенде 10 күн бұрын тапсырылуы тиіс.

Бітіруші квалификациялық жұмысын (жобасын) «Etxt Антиплагиат» жүйесімен тексеру нәтижелері ғылыми жетекшімен жұмысты қорғау мен бағалауға рұқсат беру кезінде ескеріледі.

Кафедра меңгерушісі БКЖ-ның комиссиямен қарастырылу және плагиатқа сараптамадан өткеннен соң келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, ғылыми жетекшіге оны тексеру нәтижелері туралы есепті тапсырады.

Жұмысты плагиатқа тексеру туралы анықтаманы алғаннан соң, ғылыми жетекші жұмысты алдын-ала қорғауға жіберу немесе оны түзету қажеттілігі туралы шешім қабылдайды.

Комиссия жұмысының қорытындылары бойынша, МАК жұмысының басталуына дейін кем дегенде 5 күн бұрын факультет деканы (магистратура бөлімінің меңгерушісі) жұмыстары тексеруден өткен және университеттің талаптарына сәйкес келетін білім алушылардың тізімін бекітеді.

Егер жұмыс плагиатқа тексеру сараптамасынан өтпеген болса, яғни білім алушы түрлі жағдайлардың себебімен бекітілген мерзімдерде плагиатты жоймаған болса, бұл жұмыс ағымдағы оқу жылында қорғалуға жіберілмейді.

Білім алушы өзімен орындалған жұмысты тексеру нәтижелерімен танысып шығуға құқылы.

#### **4.5 Аралық аттестация кезеңінде емтихандарды өткізу тәртібі**

Пән бойынша қорытынды бақылауды (емтиханды) қабылдау үшін, кафедра меңгерушісінің өкімімен аталған оқу пәні бойынша сәйкес біліктілік деңгейі бар, жетекші оқытушылардың арасынан (кем дегенде екі адам) арнайы комиссия құрылады. Емтихандық сессия (аралық аттестация) кезеңінде ректордың бұйрығымен біліктілігі апелляцияға берілетін пәндердің профиліне сәйкес келетін, оқытушылар арасынан апелляциялық комиссия құрылады. Емтихандық бағаның нәтижесімен келіспейтін білім алушылар емтихан өткен күннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, апелляциялық комиссияның төрағасының атына, апелляция беру себебін көрсетіп апелляцияға өтініш береді.

##### **4.5.1 Жазбаша, ауызша, шығармашылық, арнайы немесе құрамдас емтихандарды өткізу кезінде әрекет ететін тәртіп ережелері**

Емтихандардың аталған түрін тапсыру кезінде академиялық адалдықты қамтамасыз ету мақсатында, келесі ережелер қолданылады:

1. Білім алушылар емтиханға кешікпей келуге міндетті.
2. Әр білім алушының өзінде жеке басы куәландыратын құжаттың болуы тиіс (жеке куәлік, студенттік билет, сынақ кітапшасы немесе жүргізуші куәлігі).
3. Сырт киім, сөмкелер, қолшатырлар және басқа бөгде заттар емтихан алдында арнайы орынға қойылуы қажет.

4. Өзінде қаламсаптың немесе емтиханды тапсыру үшін қажетті басқа заттардың болуы тиіс (шығармашылық емтихандар немесе арнайы емтихандар үшін).

5. Білім алушылар емтихан басталғаннан соң аудиториядан тек дәлелді себеппен немесе денсаулық жағдайы бойынша ғана шыға алады. Бұл жағдайда олар емтиханның барлық материалдарын оқытушының үстелінде қалдырып, оралғаннан соң қайтып алады.

6. Емтиханды тапсыру кезінде білім алушылар емтихан алушының рұқсатымен анықтамалық әдебиеті қолдана алады (егер бұл пәннің спецификасымен негізделген болса). Емтиханды тапсыру кезінде білім алушыларға есептеулерді орындау үшін бағдарлама орнатылмайтын калькуляторды қолдануға рұқсат берілген (мобильді құрылғыдағы калькуляторды қолдануға рұқсат етілмейді).

7. Егер басқасы емтихандық жұмыста көзделмеген болса, барлық сілтемелік материалдар, кітаптар, газеттер, журналдар білім алушылардың қолы жетпейтін жерде сақталуы қажет.

8. Білім алушылар бір-бірінен ештеңе ала алмайды.

9. Білім алушыларда бөгде жазбалардың немесе сілтеме материалдардың болуы, бұл материалдар мазмұнынан тәуелсіз түрде көшіріп жазудың дәлелдемесі ретінде пайдаланылуы мүмкін.

10. Емтихан жүріп жатқан аудиторияда емтихан алушылардан басқа біреумен сөйлесуге, орнынан тұруға, басқа орынға ауысуға және аудитория ішінде жүріп-тұруға тыйым салынады.

11. Білім алушыға емтиханды тапсыру кезінде ақпаратты сақтау мен тапсырудың қандай да бір құрылғыларын (ұялы телефон, фотоаппарат, плеер), қағаз тасымалдағыштарындағы жазбаларды пайдалануға тыйым салынады.

12. Білім алушыға емтихандық тапсырмаларды орындау үшін бөлінетін уақыт мөлшері 60 минуттан аспауы тиіс. Емтиханды тапсыруға бөлінген уақыт аяқталғаннан соң, білім алушыға емтиханға жауап беруді тоқтату керек. Уақыт аяқталғаннан соң жауап жазуды жалғастыру көшіру ретінде есептелінеді.

13. Басқа білім алушыларға емтихан сұрақтарына жауап беруге көмек беру және басқа білім алушылардан жауап алуға тыйым салынады.

14. Жалған құжаттарды пайдалану арқылы емтиханды басқа (бөтен/жалған) тұлғамен немесе емтихан алушымен сөз байласу арқылы тапсыру, оқиғаның барлық қатысушыларын тәртіптік жазаға тартылуына алып келеді.

15. Емтиханға бөлінген уақыт аяқталғаннан соң, білім алушылар жазбаша жауаптардың парағын тапсырып, емтихан алушының рұқсатымен аудиториядан шығып кетуге міндетті.

Бұл ережелердің бұзылуы университетпен Cheating ретінде анықталады (*емтиханды жосықсыз тапсыру үшін қабылданған шаралар, плагиат*). Бұл жағдайда емтиханның қорытындылары жойылып, білім алушы аталған пән бойынша аттестатталмаған болып есептелінеді және ақылы негізді қайта жазылу үшін жіберіледі. Емтихан кезінде ережелерді бұзу фактісі, емтихан



алушының және білім алушының қолтаңбалары қойылған Бұзушылық парағын толтыру арқылы бекітеді (екі данада). Бұл жағдайда білім алушы бұзушылық себебі туралы хабардар етіледі. Бұзушылық парағының бір данасы Тіркеуші кеңсесінің директорына, ал екіншісі – білім алушыға тапсырылады.

#### **4.5.2 Тестілеу орталығындағы емтихан кезіндегі тәртіп ережелері**

1. Білім алушы емтиханға уақытылы, емтихан кестесіне сәйкес келуі қажет. Дәлелді себепсіз кешіккендігі үшін білім алушы емтихан тапсыру үшін жіберілмейді.

2. Тестілеу орталығының бөлмесіне кірмес бұрын, білім алушы сырт киімін, сөмкесін, бағалы заттарын және басқа заттарды арнайы ұяшықтарда қалдырады.

3. Тестілеу орталығына кіру тек жеке басын куәландыратын құжатты ұсынғаннан соң ғана мүмкін болады (жеке куәлік, студенттік билет, сынақ кітапшасы немесе жүргізуші куәлігі). Өзімен бірге сәйкес растаушы құжаты жоқ білім алушы, қауіпсіздік қызметімен Тестілеу орталығындағы емтиханға жіберілмейді.

4. Емтиханды тапсыру кезінде Тестілеу орталығына кіру мүмкіндігі ПОҚ-на, Тестілеу орталығының қызметкерлеріне ұсынылады. Басқа тұлғалар үшін университеттің уәкілетті органының рұқсаттамасы болған жағдайда кіру мүмкіндігі ұсынылады.

5. Тестілеу орталығының операторы тест алынушыға орнын көрсетеді, оған тәртіп ережелері туралы қысқа нұсқама береді. Тестілеу орталығындағы тәртіп ережелері егжей-тегжейлі әр үстелдің бетінде жатқан кітапшаларда сипатталған.

6. Студент өзіне оператор сілтеген компьютер алдындағы орынға отырады. Емтиханның алдында тест алынушы кітапшаның көмегімен Тестілеу орталығындағы тәртіп ережелерімен танысуға құқылы.

7. Тест алынушы компьютер алдына отырғаннан соң, ол өзінің жеке логині мен құпия сөзін енгізеді. Әрі қарай тестілеу базасы ашылады. Егер логинді, құпия сөзді енгізуде қиындық туындайтын болса, немесе бағдарлама олардың жоқ екендігі туралы ақпаратты шығаратын болса, тест алынушы орнынан тұрмай, қолын көтереді. Тестілеу орталығының операторы өзі жанына келіп, тестілеу порталына кіруге жәрдемдеседі.

8. Академиялық адалдықты қамтамасыз ету мақсатында, тест алынушыларға бақылау жүргізіледі.

9. Білім алушыға емтиханды тапсыру кезінде ақпаратты сақтау мен тапсырудың қандай да бір құрылғыларын (ұялы телефон, фотоаппарат, плеер), қағаз тасымалдағыштарындағы жазбаларды пайдалануға тыйым салынады.

10. Білім алушы тестілеу емтиханын алу кезінде бөлмеден тек дәлелді себеппен немесе денсаулығының жағдайы бойынша ғана шыға алады.

11. Жалған құжаттарды пайдалану арқылы емтиханды басқа (бөтен/жалған) тұлғамен немесе емтихан алушымен сөз байласу арқылы тапсыру, оқиғаның барлық қатысушыларын тәртіптік жазаға тартылуына алып келеді.

12. Білім алушыға емтихандық тестілеу тапсырмаларын орындауға бөлінетін уақыт 50 минутты құрайды.

Емтихан кезінде ережелерді бұзу фактісін белгілеп алған Тестілеу орталығының операторы, 2-данадағы Бұзушылық парағын толтырады және білім алушыны бұзушылық себебі туралы хабардар етеді. Бұзушылық парағының бір данасы Тестілеу орталығының директорына, ал екіншісі – білім алушыға тапсырылады. Бұл жағдайда емтиханның қорытындылары жойылып, білім алушы аталған пән бойынша аттестатталмаған болып есептелінеді және ақылы негізді қайта жазылу үшін жіберіледі.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

## МИРАС УНИВЕРСИТЕТІ

## АНЫҚТАМА

бітіруші квалификациялық жұмыс мазмұнының плагиатқа тексерілу сараптамасын жүргізу туралы

20\_\_ / 20\_\_

Факультет: \_\_\_\_\_

Мамандық: \_\_\_\_\_

Оқу түрі: \_\_\_\_\_ Топ: \_\_\_\_\_

Студенттің аты-жөні: \_\_\_\_\_

Бітіруші квалификациялық жұмыстың тақырыбы: \_\_\_\_\_

№	Талаптары	Сәйкестігі/Мағынасы
1.	Мәтінде пайдаланылатын дереккөздерге сілтемелердің болуы	
2.	Пайдаланылған әдебиеттің көлемі	
3.	Орындалған жұмыс мазмұнының бекітілген тақырыпқа сәйкестігі	
4.	Дәйексөздердің қабылданған ережелерге сәйкес белгіленуі	
5.	Орындалған жұмыстың бірегейлік деңгейі (%-бен)	

Комиссияның шешімі: \_\_\_\_\_ плагиатқа тексеру сараптамасынан өтті **(не прошла)** \_\_\_\_\_

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Плагиатқа тексеру сараптамасын өткізу комиссиясының төрағасы:

\_\_\_\_\_ (Аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

\_\_\_\_\_ (қолы)

Комиссия мүшелері:

1. \_\_\_\_\_

(Аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

\_\_\_\_\_ (қолы)

2. \_\_\_\_\_

(Аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)

\_\_\_\_\_ (қолы)

## ТЕСТЛЕУ ЕМТИХАНЫНДАҒЫ БҰЗУШЫЛЫҚ ПАРАҒЫ

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, Cheating фактісінің расталуы (емтиханды жосықсыз тапсыру үшін қабылданған шаралар, плагиат) нәтижелердің жойылуына алып келеді!**

КҮНІ, УАҚЫТЫ,  
КОМПЬЮТЕРДІҢ №

--	--	--

СТУДЕНТТІҢ Т.А.Ә., ТОБЫ

--

ПӘНІ

--

### БҰЗУШЫЛЫҚ ТҮРІ

<input type="checkbox"/>	Қағаз және электронды тасымалдағыштарындағы тыйым салынған анықтама материалдарын пайдалану
<input type="checkbox"/>	Басқа білім алушылармен сөйлесу, заттармен алмасу
<input type="checkbox"/>	Басқа білім алушыларға емтихан сұрақтарына жауап беруге көмек беру немесе басқа білім алушылардан жауап алу
<input type="checkbox"/>	Білім алушы дәлелді себепсіз Тестілеу орталығынан шығып кетті
<input type="checkbox"/>	Мобильді, электрондық құрылғыларды пайдалану (калькулятордан басқа)
<input type="checkbox"/>	Балағат сөздерін айту
<input type="checkbox"/>	Тәртіп ережелерін сақтамау
<input type="checkbox"/>	Емтиханның бөтен (басқа) тұлғамен тапсырылуы

Басқа

себеп: \_\_\_\_\_

**Келісемі:**

\_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_  
Білім алушының аты-жөні қолы

**Оператор**

\_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_  
Аты-жөні қолы

**ЕМТИХАНДАҒЫ БҰЗУШЫЛЫҚ ПАРАҒЫ  
 НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, Cheating фактісінің расталуы(емтиханды  
 жосықсыз тапсыру үшін қабылданған шаралар,  
 плагиат)нәтижелердің жойылуына алып келеді!**

КҮНІ, УАҚЫТЫ

СТУДЕНТТІҢ Т.А.Ә., ТОБЫ

ПӘНІ

**БҰЗУШЫЛЫҚ ТҮРІ**

<input type="checkbox"/>	Қағаз және электронды тасымалдағыштарындағы тыйым салынған анықтама материалдарын пайдалану
<input type="checkbox"/>	Басқа білім алушылармен сөйлесу, заттармен алмасу
<input type="checkbox"/>	Басқа білім алушыларға емтихан сұрақтарына жауап беруге көмек беру немесе басқа білім алушылардан жауап алу
<input type="checkbox"/>	Білім алушы дәлелді себепсізТестілеу орталығынан шығып кетті
<input type="checkbox"/>	Мобильді, электрондықұрылғылардыпайдалану(калькулятордан басқа)
<input type="checkbox"/>	Балағат сөздерін айту
<input type="checkbox"/>	Тәртіп ережелерін сақтамау
<input type="checkbox"/>	Емтиханның бөтен (басқа) тұлғамен тапсырылуы
<input type="checkbox"/>	Қағаз және электронды тасымалдағыштарындағы тыйым салынған анықтама материалдарын пайдалану

Басқа себеп: \_\_\_\_\_

**Келісемін:** \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_  
 Білім алушының аты-жөні қолы

**Емтихан алушылар:** \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_  
 Аты-жөні қолы

\_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_  
 Аты-жөні қолы

\_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_  
 Аты-жөні қолы

Қазақстан Республикасының білім және  
ғылым министрлігі  
«МИРАС» университеті

Министерство образования и науки  
Республики Казахстан  
Университет «МИРАС»

Апелляциялық сынақтар хаттамасы / Протокол апелляции тестов

«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж./г.

№ \_\_\_\_\_

Білім алушыжайлы мағлұмат: / Сведения об обучающемся:

Т.А.Ж. / Ф.И.О. \_\_\_\_\_

Тобы / Группа \_\_\_\_\_

Пәні / Дисциплина \_\_\_\_\_

Қателіктің сипаттама /Описание ошибки \_\_\_\_\_

Сұрақ / Вопрос № \_\_\_\_\_

Сұрақ / Вопрос № \_\_\_\_\_

Сұрақ / Вопрос № \_\_\_\_\_

Сұрақ / Вопрос № \_\_\_\_\_

Сұрақ / Вопрос № \_\_\_\_\_

Сұрақ / Вопрос № \_\_\_\_\_

Сұрақ / Вопрос № \_\_\_\_\_

Қорытынды: / Заключение:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Апелляцияның қорытындысы бойынша білім алушыға белгілеу /

По итогам апелляции установить студенту \_\_\_\_\_

Тобы / Группа \_\_\_\_\_

Дұрыс жауаптар / Верных ответов \_\_\_\_\_ экзаменге баға / оценка за экзамен \_\_\_\_\_

Директор Тестового центра

/ \_\_\_\_\_ /  
подпись Т.А.Ж. / Ф.И.О.

Комиссия төрағасы / Председатель комиссии

/ \_\_\_\_\_ /  
колы / подпись Т.А.Ж. / Ф.И.О.

Комиссия мүшелері / Члены комиссии

/ \_\_\_\_\_ /  
колы / подпись Т.А.Ж. / Ф.И.О.

/ \_\_\_\_\_ /  
колы / подпись Т.А.Ж. / Ф.И.О.

С протоколом апелляции ознакомлен:/апелляция хаттамасымен таныстым

/ \_\_\_\_\_ /  
колы / подпись білім алушы Т.А.Ж. / Ф.И.О. обучающегося

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі  
«МИРАС» университеті

Министерство образования и науки  
Республики Казахстан  
Университет «МИРАС»

Жазбаша емтихан (ауызша/шығармашылық/арнайы/аралас)  
нәтижелерін апелляциялау хаттамасы

«\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж./г. № \_\_\_\_\_

Білім алушы туралы ақпараттар:  
 Аты-жөні \_\_\_\_\_  
 Топ \_\_\_\_\_  
 Пән \_\_\_\_\_

Апелляцияға беру себебі \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_  
 \_\_\_\_\_

Апелляциялық комиссия апелляцияда баяндалған жағдайды қарап, шешім шығарды:  
 \_\_\_\_\_

- бағаны \_\_\_\_\_% -дан \_\_\_\_\_%-ға өзгерту
- бағаны өзгеріссіз қалдыру

Комиссия төрағасы / \_\_\_\_\_ /  
 колы  Аты-жөні.

комиссия мүшелері / \_\_\_\_\_ /  
 колы  Аты-жөні.

/ \_\_\_\_\_ /  
 колы  Аты-жөні.

Апелляция хаттамасымен таныстым: / \_\_\_\_\_ /  
 колы  білім алушының аты-жөні

